



Түлкібаев Райымбек

1907 жылы Қостанай облысы Аманкелді ауданында дүниеге келген. Соғысқа дейін колхозда жұмыс істеген. 1942 жылы Торғай әскери комиссариатынан әскерге алынып, Шұбаркөл станциясында әскери дайындықтан өткеннен кейін 13- атқыштар дивизиясының 147-атқыштар полкі құрамында қатардағы жауынгер болған. Украина, Белорусия, Польша, Венгрия жерлерін жаудан азат ету ұрыстарына қатысқан. Жауынгерлік «Ерлігі үшін», «Варшаваны азат еткені үшін», «Будапешті алғаны үшін» және бірнеше мерекелік медальдармен марапатталған. Соғыстан елге келгеннен кейін аудан шаруашылығының әр саласында жұмыстар атқарған. 1987 жылы қайтыс болған.

